

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылға арналған заң жобалары жұмыстарының жоспарын орындау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 29 сәуір N 55-ө

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылға арналған заң жобалары жұмыстарының жоспарында көзделген заң жобаларын Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметіне ұсыну жөніндегі жұмыстың қанағаттанғысыздығын атай
о т ы р ы п :

1 . М ы н а л а р :

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылға арналған заң жобалары жұмыстарының жоспарында көзделген заң жобаларының әзірлеушілері болып табылатын орталық атқарушы органдардың басшылары тиісті заң жобаларының Үкіметке енгізілуін мұлтіксіз қамтамасыз етуі;

Қазақстан Республикасының Әділет министрі Б.Ә.Мұхамеджановтың

тиісті заң жобаларының Үкіметке уақытылы енгізілуі жөніндегі жұмысты жеке өзі бақылауға алуы міндеттелсін.

2. Жоғарыда аталған басшыларға заң жобаларын Үкіметке енгізудің мерзімдері бұзылған жағдайда оларға тәртіптік жауапкершілік шаралары қолданылатындығы туралы ескертілсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.